

Ж.Ж. Жарылғапов, Г.А. Бахбергенова*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: gulbakytbakbergenova@gmail.com)

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар генезисі

Бұл мақалада қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың генезисі қарастырылған. Құстар бейнесінің мифологиялық түп-тамырынан бастап, оның қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігімен және ұлттық дүниетаныммен байланысы жан-жақты зерттелген. Зерттеуде Мұқағали Мақатаев, Махамбет Өтемісұлы, Тұманбай Молдағалиев және Есенғали Раушанов шығармаларындағы орнитологиялық образдардың символдық және мағыналық ерекшеліктері талданған. Негізгі мақсат — қазақ әдебиетінде құстардың рухани және философиялық маңызын ашып, олардың ұлттық мәдениеттегі рөлін айқындау. Зерттеу барысында семантикалық, салыстырмалы-тарихи, әдеби және символдық талдау әдістері қолданылған. Нәтижесінде, орнитологиялық образдардың қазақ поэзиясындағы көркемдік, философиялық және мәдени қызметі анықталып, олардың ұлттық дүниетанымдағы терең символикалық мәні ашылды. Мақала ұлттық әдебиеттегі құстар бейнесінің эволюциясын жүйелі түрде түсіндіруге үлес қосады.

Кілт сөздер: қазақ поэзиясы, орнитологиялық образдар, генезис, құстар бейнесі, ұлттық дүниетаным.

Kipicne

Әдебиет әлемінде құстар бейнесі — ежелден бері ең көркем және биік символдардың бірі ретінде қолданылып келген маңызды образ. Олар табиғаттың көркемділігін, адамзаттың рухани ізденістерін және философиялық ойларын жеткізудің көрнекі құралы болды. Құстардың бейнелері арқылы ақындар мен жазушылар махаббат, еркіндік, қайғы, рухани ізденіс және өмірдің өткіншілігі сияқты ұлы тақырыптарды зерттеген. Әрбір мәдениет пен дәуір құстарды түрліше сипаттап, олардың бейнелері арқылы ерекше ой мен мағынаны жеткізіп отырған.

Әйгілі орыс ғалымы К.М. Королев: «Қанатты, аспан жаратылысы ретінде құстар, ең алдымен, аспанды және онымен байланысты барлық нәрсені — ұшуды, күнді, желді, бұлттарды, бостандықты, өмірді, құнарлылықты, шабытты, бейнелейді» [1] деп пікір білдірген екен. Ал американдық жазушы Дж.Купердің пікірінше, құстар «мәңгілік жанның, рухтың, құдайлық көріністің, ауа рухтарының, аспанға көтерілудің, құдайлармен қарым-қатынас жасаудың немесе жоғары күйге енудің символы» [2].

Қай халықтың болмасын әдебиет тарихы ең алдымен сол халықтың тұрмыс-тіршілігімен қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланыста болып келеді [3]. Көшпенділердің табиғатымен, философиясымен және рухани әлемімен терең байланысы бар қазақ поэзиясы да әрқашан өзінің бай символизмімен ерекшеленді. Сондықтан қазақ поэзиясында да құстар образының алатын орны ерекше. Ұлттық поэзиямызда құстар табиғи элементті ғана емес, сонымен бірге бостандықтың, ұлылықтың, даналықтың және әлемдердің — жер мен көктің байланысының символы ретінде қызмет етеді. Белгілі ғалым Р.Сыздық бұл туралы: «Қазақ поэзиясындағы құстар бейнесі — халқымыздың табиғатпен үндестігін, рухани болмысын, философиялық ойлау жүйесін айқындайтын көркемдік тәсіл. Ақындар құстарды тек табиғат көрінісі ретінде ғана емес, олардың әрекеттері мен сипаттары арқылы адам болмысының асқақ армандары мен өмірлік құндылықтарын бейнелеудің символы ретінде қолданған» [4] деп пайымдайды.

Құстар бейнесінің қазақ поэзиясындағы орны мен маңызын зерттеу әдебиеттану ғылымының өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл қажеттілік қазақ халқының мәдениетінде, мифологиясында және дүниетанымында құстар образының ерекше маңыздылығымен түсіндіріледі. Құстар — табиғаттың бір бөлігі болуымен қатар, рухани құндылықтардың, еркіндік пен асқақтықтың символы ретінде қабылданған. Қазақ әдебиетіндегі құстар бейнесінің символдық ерекшеліктерін зерттеу арқылы халықтың табиғатқа деген көзқарасын, мәдени құндылықтарын және тарихи-мәдени даму үрдістерін тереңірек түсінуге болады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulbakytbakbergenova@gmail.com

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдарды зерттеудің өзектілігі олардың ұлттық мәдениет пен дүниетанымдағы маңызды рөлін анықтауға негізделеді. Құстар бейнесі арқылы қазақ халқы табиғатпен үйлесімділігін, философиялық ойлау қабілетін және рухани құндылықтарын көркемдік тұрғыдан бейнелеген. Сонымен бірге, қазіргі әдебиеттану саласында бұл тақырыптың жеткілікті деңгейде қарастырылмауы оны жан-жақты зерттеу қажеттілігін күшейтеді.

Е.Е. Түйте өзінің «Қазақтың құсбегілік лексикасы» атты мақаласында: «Табиғатқа етене жақын болған ата-бабаларымыз ертеден жыртқыш құстарды қолға үйретіп, өзінің күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналдырған. Аң аулап, саят құрудың нәтижесінде осыған қатысты сан алуан түсініктер мен ұғымдарды қалыптастырды. Себебі кез келген халықтың сөз байлығы өзін қоршап жатқан объективті болмыс әсерінен туындайды, сөйтіп әлем бейнесінің тілдік көрінісі жасалады» [5] — дейді.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар да халықтың табиғатпен байланысын, оның дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындайтын көркемдік құрал ретінде қалыптасты. Құстардың мінез-құлқы, олардың ұшуы, бостандығы мен сұлулығы ақындар шығармашылығында символдық мәнге ие болып, адам болмысының асқақ армандарымен, еркіндікке деген ұмтылыспен ұштасып отырды. Сондықтан қазақ халқының сөздік қорындағы құстарға қатысты лексика тек тұрмыстық қажеттіліктен ғана емес, мәдени-рухани құндылықтарды жеткізетін терең философиялық қабаттардан да көрініс тапты.

Қазақ әдебиетінде орнитологиялық бейнелер этностың табиғатпен байланысын, мәдениеті мен дүниетанымын сипаттай отырып, рухани құндылықтарды жеткізудегі шеберлікті көрсетеді. Құстар бейнесі арқылы қазақ халқының табиғатты көркемдік тұрғыдан түсінуі мен рухани мұраттарын жеткізудегі ерекшелігі айқындалады. Қазақ этносының этникалық мәдениетіндегі жеті қазынаның бірі — «Қыран бүркіт» болса, бүркіт — құстар тобына жатады. Қазақ дүниетанымындағы құстар табиғаттың бір бөлшегі ғана емес, ұлттық құндылықтар жүйесінің бірінен саналған [6].

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдарды зерттеу әдебиетте бұрын қарастырылмаған тақырыптық аспектілерді толықтыруға, құстар бейнесінің мәдени және символдық маңызын терең түсінуге, сондай-ақ ұлттық поэзияның әлемдік әдебиет контекстіндегі орнын анықтауға бағытталған. Бұл зерттеу қазақ халқының рухани және мәдени ерекшеліктерін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Әдісі мен материалдары

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық бейнелердің генезисін зерттеу үшін негізгі әдістерді қамтитын кешенді тәсілдер қолданылды. Зерттеу барысында әртүрлі кезеңдердегі поэтикалық шығармалардағы орнитологиялық бейнелердің мағыналық және символикалық ерекшеліктері жан-жақты талданды. Бұл зерттеуде келесі әдістер пайдаланылды:

Семантикалық талдау әдісі: Орнитологиялық бейнелердің поэтикалық мәтіндердегі мағыналарын және олардың уақыт өте келе қандай өзгерістерге ұшырағанын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс құстардың әдебиеттегі метафоралық және символикалық рөлдерін ашуға негізделді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс: Қазақ поэзиясына тарихи және әлеуметтік өзгерістердің әсерін ескере отырып, орнитологиялық бейнелердің ежелгі фольклорлық дәстүрлерден қазіргі заманға дейінгі эволюциясын зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл әдіс арқылы әртүрлі дәуірлердегі шығармалар арасында салыстырмалы талдау жүргізіліп, құстар бейнелерінің символикалық интерпретациясы анықталды.

Мәдени көзқарас әдісі: Құстар бейнелерінің мәдени контекстін талдау үшін қолданылды. Әдебиеттегі орнитологиялық образдардың мифологиялық, этнографиялық және діни негіздерін зерттей отырып, олардың қазақ халқының дүниетанымындағы рөлін ашуға бағытталды.

Әдеби талдау әдісі: М.Өтемісұлы, Т.Молдағалиев, М.Мақатаев, Е.Раушанов сияқты ақындардың шығармалары негізінде жүргізілді. Бұл әдіс арқылы ақындардың құрылымдық, стильдік ерекшеліктері мен поэтикалық тәсілдері қарастырылып, құстар бейнелерінің философиялық және рухани идеяларды жеткізудегі рөлі анықталды.

Символдық және мифологиялық талдау: Құстардың мифологиялық тамырларын және олардың қазақтардың ежелгі наным-сенімдерімен байланысын талдауға мүмкіндік берді. Бұл әдіс бүркіт, тырна, сұңқар, аққу сияқты құстардың архетиптік бейнелерін зерттеуге бағытталды. Зерттеу барысында осы бейнелердің ұлттық әдебиеттегі көркемдік рөлі ашылды.

Материалдары: Зерттеу материалы ретінде қазақ поэзиясының классикалық шығармалары мен заманауи авторлардың туындылары алынды. Негізгі материалдар қатарында Махамбет Өтемісұлы,

Мұқағали Мақатаев сияқты қазақ ақындарының шығармалары қарастырылды. Сонымен қатар, этнографиялық және мифологиялық дереккөздер қосымша материал ретінде пайдаланылды.

Кезеңдері:

1) Әдеби шығармалардан орнитологиялық бейнелерді анықтау және оларды тақырыптық және символикалық ерекшеліктеріне қарай жүйелеу.

2) Орнитологиялық образдардың тарихи контексттегі эволюциясын талдау.

Мәдени және мифологиялық дереккөздермен салыстыра отырып, қазақ поэзиясындағы құстар бейнесінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау.

Ақындардың шығармаларын талдау барысында мынадай критерийлер қолданылды:

- Құстар бейнелерінің поэтикалық құрылымдағы қызметі;
- Құстардың көркемдік және философиялық рөлі;
- Әдебиеттегі ұлттық және мәдени ерекшеліктерді жеткізудегі символдық маңызы.

Нәтиже және талқылануы

Қазақ әдебиетінде орнитологиялық бейнелерді архетиптік, мифологиялық негізін сақтай отырып, кеңінен қолданады. Қазақ жазушылары құсты жанның, рухани байлықтың, асқақтықтың бейнесі ретінде сипаттайды. XIX-XX ғасыр поэзиясында құстың символдық бейнесін жүзеге асыру — осы бейненің мифологиялық негіздерін айқын көрсететін «құс-жан», «құс-аспан», «тәңір», «құс-поэтикалық өнер», және т.б. сияқты бірқатар тұрақты бірлестіктердің шоғырлануына әкелді.

Зерттеушілер құстармен байланысты мотивтер, бейнелер, символдар, мифологемалар жүйесі адамның құстарды тікелей қабылдауы, олардың сыртқы белгілері мен биологиялық қасиеттерін бақылау негізінде пайда болды деп санайды. Құстардың аспанмен байланысы, адамдардың қолынан келмейтін ұшу қабілеті және басқа да көптеген қасиеттер адамдарда құстар туралы мифологиялық түсініктердің дамуына түрткі болды. Кейін бұл идеялар көркем тілге енген образдардың қалыптасуына негіз болды. Сонымен қатар, көне түркілік түсініктерде Көк тәңірі ұғымында құстар киелі болып саналған, олар аспан әлемінің иесі, қанаттылардың патшасы әрі әлемнің елшісі ретінде суреттеледі [7].

Қазақ поэзиясында орнитологиялық образдардың қолданылуы ұлттық дүниетаным мен мәдени ерекшеліктерді бейнелеудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Мифологиялық кеңістіктегі әрбір орнитонимдер өзіндік жекелеген символикалық қызметті атқарады. Мәселен, Бүркіт — еркіндіктің, Аққу — махаббаттың, Қарлығаш — достықтың, т.б. символы ретінде көрініс табады [8]. Құстар бейнесі дәстүрлі түрде рухани құндылықтарды, еркіндікке ұмтылысты және адамның табиғатпен байланысын көрсету үшін қолданылған. Алайда, бұл образдардың эволюциясы әдебиет тарихында белгілі бір кезеңдермен тығыз байланысты (1-кесте).

1 — к е с т е

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар эволюциясы

Тарихи кезең	Ақындар/жыраулар	Орнитологиялық образдар	Символдық мәні
Жыраулар поэзиясы	Қазтуған жырау Доспамбет жырау Асан қайғы жырау	Қаршыға, бүркіт, аққу, сұңқар, қыран	Ерлік, жаугершілік рух, еркіндік, тазалық, адалдық
Классикалық кезең	Абай Құнанбаев Мағжан Жұмабаев	Құстардың жалпы бейнесі (қарлығаш, бозторғай)	Табиғатпен үйлесім, адам сезімдерінің символы, рухани тазалық, махаббат
Кеңес кезеңі	Сәкен Сейфуллин Жамбыл Жабаев Тұманбай Молдағалиев	Құстардың табиғаттағы, адам өміріндегі рөлі, көктемгі құстар	Халық өмірі, күрес, жаңа үміт, халық даналығы, тарихи оқиғалармен байланыс, жанару, өмір қуанышы
Тәуелсіздік кезеңі	Мұқағали Мақатаев Есенғали Раушанов (қазіргі заманғы ақындар)	Аққу, құстардың экологиялық және символикалық маңызы	Махаббат, рухани әлем, табиғатты қорғау, экологиялық мәселелер, рухани жаңғыру

Қазақ әдебиетінде орнитологиялық бейнелер фольклор мен жазба әдебиетін байланыстырушы буын, әдебиет тарихының ұлттық байлығын қалыптастырған суырып салма жыраулар поэзиясынан (XV-XVIII) бастау алады.

Жыраулар поэзиясында табиғат бейнелерін адамгершілік, әділеттілік және рухани құндылықтарды жеткізудің көркемдік құралы ретінде пайдалану айқын көрініс тапқан. Белгілі жырау Асан қайғы Жәнібек сұлтанның әрекетін сынға алған мына бір жырында аққу образы ерекше мәнге ие:

*«...Көлге шекер төктірдің,
Шекерге аққу бөктірдің,
Ақ мамығын таранған,
Тұңғыыққа қараған,
Аққу — көлдің көркі еді.
Көркімен көлді сәндеген,
Сұлу үнмен әндеген,
Ақ сұлу көлдегі ерке еді.
Құлады — құстың қоры еді.
Аққу құс — ару төре еді,
Құладыңа ілдірдің...»*

Ақ мамығын жұлдырдың» [9] деген жолдары табиғаттың тепе-теңдігін бұзу арқылы адамның адамгершілік құндылықтарынан айрылуын бейнелейді. Аққу — жырдағы эстетикалық идеалдың және экологиялық тепе-теңдіктің символы. Өзендер мен көлдердің бойын жағалай көшіп-қонған халқымыз үшін ең жақын бейне — аққу образы. Көшпенділердің түсінігінде аққу — қасиетті құс [10].

Тарихи тұрғыдан алғанда, аққу бейнесі қазақтардың тотемдік наным-сенімдерінен бастау алады. Аққу тек табиғаттың бір бөлшегі ғана емес, көк пен жердің арасындағы байланысшы ретінде танылған. Оны құрметтеу мен қорғау халқымыздың дүниетанымындағы табиғатпен үйлесімділік идеясының көрінісі болды. Жыраулар поэзиясында аққу образы әділеттілік пен рухани биіктікке шақырудың құралы ретінде қолданылған. Асан қайғының «аққуды құладыңа ілдірмеу» туралы идеясы халық санасындағы әділетсіздікке қарсылық пен жан тазалығын сақтау идеясының көрінісі.

Аталған жырда аққу бейнесінің трансформациясы халықтың рухани және мәдени дамуындағы символдық рөлін айқындайды. Жәнібек сұлтанның әрекеті тек жеке оқиға емес, әділетсіздік пен билік иелерінің моральдық шекарасынан шығуының көркемдік үлгісі ретінде берілген. Аққуды жәбірлеу арқылы әділетсіздікті бейнелеу — қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың адамгершілік құндылықтарды жеткізудегі айрықша қызметін көрсетеді.

Қазіргі заманғы тұрғыда аққу образының мәні өзгергенімен, оның символдық ерекшеліктері сақталуда. Әдебиетте ол әлі күнге дейін тазалық пен әсемдіктің, ішкі үйлесімділіктің нышаны ретінде қолданылып келеді. Бұл ақындардың заманауи мәселелерді көтеру кезінде де табиғат бейнелеріне жүгінетінін дәлелдейді.

Жыраудың тағы бір шығармасы — «Не ғаріп?» атты толғауында аққу мен қаз бейнелері табиғаттың маңызды элементтері ретінде суреттеледі. Ол: «Қаз, үйрегі болмаса, айдын шалқар көл ғаріп» деген тұжырым арқылы құстардың табиғаттағы ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының рухани және эстетикалық өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. Мұнда құстар бейнесі адамдардың өмір сүру ортасымен тығыз байланысын, табиғаттың адам өміріндегі рөлін ерекше атап өтеді.

Асан қайғы шығармаларындағы аққу образының генезисін зерттеу оның тотемдік сипатының қазақ халқының дүниетанымында айрықша орын алатынын көрсетеді. Ежелгі мифологияда аққу құдаймен, рухани тазалықпен және әлемдер арасындағы байланысты орнатумен ұштасады. Қазақ дүниетанымында аққуды өлтіру үлкен күнә саналған, себебі ол табиғаттың киесін бұзумен теңдестірілген.

Бұл образ ежелгі замандардан бері фольклорлық шығармалар арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген. Аққудың «тазалық», «асқақтық» және «еркіндік» ұғымдарымен байланысы қазақ поэзиясында оның трансформациясына жол ашты. Жыраулар поэзиясынан бастап қазіргі заманғы ақындардың шығармаларында бұл образ философиялық, моральдық және эстетикалық идеяларды жеткізу құралы ретінде қолданылады.

Асан қайғы жыраудың шығармаларында құстардың бейнелері қазақ поэзиясында табиғатты қорғау идеяларын көтерудің алғашқы қадамдары ретінде сипатталады. Жырау құстардың өмір сүру ортасына назар аудара отырып, олардың адамзаттың моральдық қағидаларымен тығыз байланысын

көрсетеді. Бұл тәсіл қазіргі қазақ әдебиетінде экологиялық және философиялық ойларды жеткізудің негізін қалады.

Қазақ хандарының кеңесшілері болған жыраулар хандарға өздерінің наласын да, тілеуін де өлең-жырлар арқылы жеткізіп отырған. Бұл жырларында құстар бейнесін арқау ете отырып, табиғат пен адамның жан дүниесін астастырудың көркем үлгісін көрсетті. Құстардың образдары тек поэтикалық әсемдік үшін ғана емес, адамзаттың ішкі жан дүниесін, рухани құндылықтарын жеткізудің құралы ретінде де қолданылған.

Жәңгір ханның қайғыдан бас көтермегенін сипаттайтын оқиғада Едіге бидің жұбатуында құстар бейнесі терең философиялық ойды жеткізудің құралы ретінде пайдаланылады. Бидің:

*«Аққу құс ұшып көлге кетті.
Ақ сұңқар ұшып шөлге кетті..
Ақ сұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан..
Қанаты бүтін сұңқар жоқ,
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ.*

Көтер, хан, басыңды! [9]. деген сөздері адам өмірінің өткіншілігін, тағдырдың жазғанына мойынсұну қажеттігін бейнелейді. Мұнда сұңқар образы жоғалтудың символы ретінде көрініс тапқан, ал аққу — өмірдің сұлулығы мен нәзіктігінің бейнесі. Бұл символизмнің тамыры тереңде, қазақ халқының мифологиялық және философиялық дүниетанымында жатыр. Аққу мен сұңқардың бейнесі жыраулар шығармашылығында тотемдік сипат алған, ол халықтың табиғатпен үйлесімді өмір сүруін насихаттаған.

Қазақ халқының құстарға байланысты мифологиялық түсініктері олардың киелі саналуына негіз болды. Мысалы, халық арасында «Қыдыр», «ие» құс бейнесінде келетін рухани күш ретінде танылған. Мұны мынадай ауыз әдебиет үлгісінен байқауға болады:

*«...Асың-асың асыңа,
Берекет берсін басыңа.
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап
«Қыдыр» келсін қасыңа...»* [9]

Бұл өлең жолдарында құстардың өмірге құт-береке, жақсылық пен рухани тепе-теңдік әкелетін киелі мәні сипатталады. Халық түсінігінде құстар адам өміріне тікелей ықпал ететін, оның бағы мен дәулетін анықтайтын рухани нышан ретінде қарастырылған. Сол себепті қазақ «дәулет құсы қонды», «бағы тайды» сияқты тұрақты тіркестер арқылы құстардың символдық мәнін ерекше бағалаған.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан құстар бейнесінің қазақ мәдениетіндегі генезисі мен эволюциясын байқауға болады. Ежелгі дәуірлерде бұл бейнелердің тотемдік сипаты басым болған. Аққу, сұңқар, бөдене сияқты құстар табиғаттың киесі, рухани тепе-теңдіктің сақтаушысы ретінде қабылданған. Уақыт өте келе бұл мифологиялық түсініктер поэтикалық шығармашылыққа еніп, әдебиеттегі символикалық бейнелерге айналды.

Қазіргі қазақ әдебиетінде бұл бейнелер философиялық, рухани және моральдық идеяларды жеткізудің құралы ретінде пайдаланылады. Аққу — тазалық пен нәзіктіктің, сұңқар — еркіндік пен батырлықтың, ал бөдене — қарапайымдылық пен жақсылықтың символына айналған. Бұл образдар тек тарихи-мәдени мұра ғана емес, бүгінгі күннің де рухани құндылықтарын бейнелейтін көркемдік құрал болып табылады.

Жыраулар шығармашылығындағы құстар бейнесі — қазақ халқының табиғатпен, рухани құндылықтармен және өмір философиясымен терең байланысының көрінісі. Бұл бейнелердің генезисін зерттеу арқылы олардың ұлттық дүниетанымдағы орнын және әдеби процестегі маңызын тереңірек түсінуге болады.

XIX ғасыр әдебиетінде орнитологиялық бейнелерді жырларына арқау ете отырып, құстар образын ерекше көркемдікпен аша білген ақындарымыздың бірі Махамбет Өтемісұлы. Автор өз жырларында басқа ақындарда мүлдем кездеспейтін түрлі құстар образын ұтымды бейнелей отырып, орнитологиялық образдарды сипаттауда қазақ поэзиясының шыңына жете білген. Мысалы:

*«Аспандағы бозторғай,
Бозаңда болар ұясы.
Бозаңның түбін су алса,
Қайғыда болар анасы.*

Қара лашын, ақ тұйғын
Қайында болар ұясы.
Қайыңның басын жел соқса,
Қайғыда болар анасы» [11]

деген жолдарда бозторғай образы нәзіктік пен қорғауға мұқтаждықтың символы ретінде бейнеленеді. Бұл бейне сол заманның әлеуметтік және тарихи ахуалында қорғансыз қалған халықтың жағдайын жеткізуге бағытталған. Мұндағы бозторғай мен басқа да құстардың образы ауылдың, табиғаттың және халықтың бейнесімен ұштасып, қазақ дүниетанымындағы «қорғансыздық» ұғымын поэтикалық деңгейде терең ашады. Махамбет ақынның жырларында ең жиі кездесетін құс — сұңқар. Ақ сұңқар бейнесін ерекше аша білген жырларының бірі:

«Томағалы сұңқар мен едім,
Толғамалы найзамен
Толықсып жауға шапқанда,
Бір озғанмын жұртымнан» [11]

Мұндағы сұңқар бейнесіндегі ақынды біз жүйрік әрі батыл образда көре аламыз. Ақынның өз еліне, халқына деген сүйіспеншілігі мен сезімі тамаша өрнектелген және бір жыры ол — «Қызғыш құс».

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айырылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш құс, қызғыш құс!
Ел қорғаны мен едім.
Мен де айырылдым елімнен;
Көл қорғаны сен едің,
Сен де айырылдың көліңнен.
Аспанда ұшқан қызғыш құс!
Сені көлден айырған -
Лашын құстың тепкіні.
Мені елден айырған -
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып — айтпай немене,
Құсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!» [11].

Бұл өлеңінде ақын адамның көңіл күйін табиғат құбылыстарымен егіздеуді шебер қолдана отырып, қызғыш пен өз тағдырын салыстырады. Қызғыш құстың көлсіз тіршілігі болмаса, ақынның туған елінсіз, туған топырағынсыз тіршілігі жоқ. Махамбет көл қорыған қызғыштай елі үшін отқа түседі. Қызғыш құстың жауы — лашын болса, Махамбеттің жауы — елінен айырып, қуғынға ұшыратқан Жәңгір.

Қазақ тарихында бүкіл ғұмырын ел азаттағы үшін жұмсап, жалын боп жанып кеткен біртуар тұлға Махамбеттің жырларындағы құстар бейнесі де еркіндікті, батылдықты, елі мен жеріне деген ерекше махаббат пен сүйіспеншілікті сипаттап кеткен.

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар эволюциясындағы маңызды кезеңдердің бірі — Кеңес дәуірі. Қазақ поэзиясында әлеуметтік шындықты, идеологиялық ұстанымдарды және халықтың рухани қажеттіліктерін бейнелеуде ерекше орын алған кезең. Бұл кезеңдегі орнитологиялық образдардың қолданылуында халықтың тұрмыс-тіршілігі мен табиғатқа деген сүйіспеншілігі поэтикалық тәсілдер арқылы айшықталды. Құстар бейнесі кеңестік поэзияда тек табиғаттың элементі ретінде ғана емес, адамгершілік, әділеттілік және рухани құндылықтардың символы ретінде көрініс тапты.

Тұманбай Молдағалиев — осы кезеңнің көрнекті өкілдерінің бірі, оның шығармашылығында орнитологиялық бейнелер адамның табиғатпен байланысын бейнелеуде маңызды рөл атқарады. Ақын құстардың қимылы мен мінезін табиғат пен адам арасындағы үйлесімділіктің көркем символы ретінде суреттейді. Оның «Қонады шымшық жас талға...» атты өлеңі қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың Кеңес дәуірінде қалай бейімделгенін көрсетеді:

«Қонады шымшық жас талға,

Жас талды жайлап тербейді.
 Самғайтын қыран аспанда
 Сауысқандарға сенбейді.
 Қанаса қырғи қанаты,
 Аққу құс келіп емдейді.» [12]

Бұл өлеңде құстар образы арқылы адамгершілік пен сенім тақырыбы бейнеленеді. Ақын шымшықты қарапайымдылық пен нәзіктіктің символы ретінде көрсетсе, қыран еркіндік пен асқақтықтың белгісі болып табылады. Сауысқанның «сенімсіздігі» қоғамдағы адамдар арасындағы сенімсіздікке ишара етсе, аққудың «емдеуі» рухани тазару мен әділеттілікті бейнелейді.

Тұманбай Молдағалиевтың бұл өлеңінде құстар арқылы адамдардың моральдық және әлеуметтік қасиеттері бейнеленген. Кеңес дәуіріндегі қазақ поэзиясында мұндай символикалық образдар адамның қоғаммен және табиғатпен қарым-қатынасын түсіндірудің күрделі тәсілдері ретінде қолданылды. Ақынның құстарға тән ерекшеліктерді адамдардың рухани әлеміне көшіруі — оның шығармашылығында орнитологиялық образдардың терең мағыналық жүк көтеретінін көрсетеді.

Ақын өз өлеңдерінде құстарды тіршіліктің, табиғаттың мәңгілігін бейнелеумен қатар, адамның ішкі жан дүниесінің көрінісі ретінде қолданған. Ақынның төмендегі өлең жолдары осы тұрғыдағы поэтикалық бейнелердің айқын мысалы болып табылады:

«Бәрібір жауын, дауыл да,
 Қырандар қорқуды ұқпайды.
 Қарлығаш келмей ауылға,
 Көктем де қырға шықпайды.
 Алматы жақта тұратын,
 Өлеңнен тауып мұратын.
 Құстарды жырлап, түгендеп,
 Самғап жүр көкте бір ақын» [12]

Ақын құстарды табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде ғана емес, тіршіліктің, үміт пен мәңгіліктің символы ретінде бейнелейді. Қарлығаш — көктемнің жаршысы, ал қыран — еркіндік пен батылдықтың белгісі ретінде көрініс табады. Сонымен қатар, ақынның өзі де шығармашылығында осы құстар арқылы шабыттанып, көкке самғап, рухани биіктерге ұмтылатын тұлға ретінде сипатталады. Бұл бейнелер адамның табиғатпен үйлесімді қарым-қатынасын және оның рухани биіктігін айшықтайды.

Қазіргі қазақ поэзиясында да құстар образы өз маңыздылығын жоғалтпаған, бірақ жаңа реңктер мен интерпретацияларға ие болуда. Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев сынды заманауи авторлар классикалық қазақ әдебиетінің дәстүрін дамытқанымен, құстардың поэтикалық бейнелеріне заманауи әлеуметтік-мәдени контексттерді енгізеді.

Олардың поэзиясындағы орнитологиялық бейнелер өмірдің өткенімен, рухани қырларымен байланыстарды ғана емес, сонымен бірге жаһандану, дәстүрді жоғалту және өзіндік ізденіс тақырыптарын бейнелейді. Бұл авторлар үшін құстар енді тек күш пен еркіндік символы емес, әлемнің тез өзгеруі, табиғатпен және дәстүрлі мәдениетпен байланысының жоғалуы жағдайында өмірдің мәнін іздеудің метафоралары.

Адам жанының жай-күйін толық түсінген және әркім көре алмайтын адамның құнды қасиеттеріне назар аударған ақындардың бірі Мұқағали болды. Ол бізге қазақ поэзиясындағы аққу бейнесіне ғажайып естелік болатын және табиғаттың тылсым күшін сипаттайтын «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын мұра етіп қалдырды.

Аққу — қазақ поэзиясындағы дәстүрлі поэтикалық образдардың бірі. Мұқағали өз шығармасында бейнелі өрнектерді шебер қолдана отырып, аққу қимылдарының сұлулығын үлкен шеберлікпен жеткізе алды. Келесі жолдарда ақын таңмен бірге қуаныш әкелетін ғажайыптардың бірі аққу екенін айтады:

«Қанатынан аққудың балапандап,
 Ән ұшатын сымпылдап таң атарда.
 Сүйінші бер дегендей бір толықсып,
 Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауға» [13].

М.Мақатаев ақын ретінде аққу бейнесін қажетті деңгейге көтере білген. Пейзажды жаңғыртып, аққу сұлулығын психологиялық тұрғыдан, лирикалық жолмен көрсете білген ақын үшін бұл құс тек таза, нәзік махаббаттың символы ғана емес, ол жүрекке жақын, тағзым етер ерекше бейне.

«...Аққулар...
 Аққу мойын, сүмбе қанат,
 Алаңсыз тарануда күнге қарап.
 Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
 Етермін тағдырыңды кімге аманат?!
 Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
 Бір мамығы майысса ауырсынып,
 Тарақ етіп тұмсығын, тарайды кеп,
 Тарайды кеп, тарайды қауырсынын,
 Құм тұрса да бір түйір ауырсынып,
 Жаны сұлу ақ еркем, ары сұлу!
 Ақ қанатын сабалап, асыр салып,
 Бірде суға сүңгиді басын малып.
 ...Ойнасыншы, ойнасын ерке құстар,
 Тыныштығын олардың қашырмалық» [13].

Ақын құстың таңғажайып табиғи сұлулығына емес, оның қасиеті мен киесіне назар аудартуды мақсат етеді. Құстың қасиетті күшінің негізінде халық түсінігіндегі тыйымдардың сақталуына әсер ететін қасиеттер жатқандығын ақындардың ешқайсысы Мұқағалидай көркем өрнекпен оқырман санасына жеткізе алмаған. Ақын аққу бейнесін дүниедегі тепе-теңдік жоғалған сайын ұлттық болмыс та құнын жоғалтады деген оймен толтыра білген. Осы қасиетін асыра бағалаудың сиқырлы күш-қуатын ерекше пайымдаған ақын аққу бейнесі арқылы адамзатты надандықтан қорғауға тырысады. Мақатаевтың «Аққуы» — бүкіл өмір философиясын бойына сіңірген алып образ. Аққу бейнесі жеке адамның сүйіспеншілігінің символы ғана емес, ол мейірімділік пен адамзаттың басқа да ең жақсы қасиеттерін қамтиды.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік терең философиялық көзқарасы мен ерекше тақырыптық ізденістерімен танылған ақын Есенғали Раушановтың шығармашылығында құстар бейнесі маңызды орын алады. Ақынның «Қара бауыр қасқалдақ», «Періштелер мен құстар» секілді жыр жинақтарында табиғат пен адамның байланысы терең поэтикалық деңгейде көрсетіледі. Оның өлеңдерінде аққу, қарлығаш, ұлар, ақсұңқар сияқты құстардың болмыс-бітімі мен ерекшеліктері суреттеліп, олар арқылы сұлулық пен тазалық секілді құндылықтар дәріптеледі. Ақынның бұл бейнелерді қолдануындағы басты ерекшелік — құстардың қасиеттерін қазақы дүниетанымның ажырамас бөлігі ретінде ұсыну және ұлттық танымға негізделген рухани құндылықтарды оқырманға жеткізу.

Есенғали Раушановтың құстар бейнесін жырларында көркемдік құрал ретінде пайдаланып, табиғаттың тұнық сұлулығын адамзаттың рухани биіктігімен сабақтастыруы оның шығармашылығына тереңдік пен даралық сипат береді. Әрбір құстың мінезі мен қимылы, түрі мен ерекшелігі ақынның ой-толғамдары мен сезімдерін жеткізуде маңызды рөл атқарады. Бұл элементтер арқылы ол оқырманға қазақ мәдениетінің рухани мәнін және табиғатпен үйлесімділіктің маңыздылығын танытады. Мысалы, «Интервюден соң» өлеңінде:

«Сатпаған құстар ғана,
 Әсіресе, бозторғай ұшқан дара.
 Менің ессіздіктерімді қайталауды
 Тілемеймін дос түгіл дұшпанға да.
 Көлден өтіп, көлденең шөлден өтіп,
 Өлмегенмен өзінді өлмелі етіп,
 Ел жадынан тезірек ұмытылсаң,
 Ешкім білмес, танымас жерге кетіп.
 Бізде нендей алысқа самғар күш бар,
 Бәрі өтпелі — арзу, ой, арман құштар.
 Қалатыны түк те емес — бір құлпытас,
 Қонып ұшар қанаты талған құстар» [14]

деп өзінің терең философиялық пайымдарын жеткізеді. Бұл өлеңде бозторғайдың бейнесі арқылы ақын өткіншілік пен өмірдің мәні туралы ой қозғайды. Құстардың табиғаттағы еркіндігі мен адам өмірінің шектеулілігі арасындағы контрастты көрсетіп, ақын адамзаттың өткінші тіршілігін, өлім мен мәңгілік тақырыбын тереңінен толғайды. Адамды сабырға шақыру үшін халық даналығы адамды адаммен салыстырмай, адамды жан-жануарлар, аң-құстар әлемі арқылы да салыстыра сурет-

теу үрдісі этнос мәдениетінде кең тараған. Бұл дегеніміз этнос дүниетанымындағы адам мен әлемнің (табиғат) өзара тепе-теңдігін көрсететін дала философиясының тұспалды ойының астарлы сөзбен құндақталып жатқандығын көрсетеді [15].

Есенғали Раушановтың бұл тәсілі қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың тек көркемдік қана емес, философиялық мазмұнды жеткізудің маңызды құралы екенін дәлелдейді. Ақынның жырларындағы құстар бейнесі оқырманды терең ойларға жетелеп, өмірдің өткіншілігін, табиғатпен үйлесімділік пен рухани құндылықтардың маңыздылығын сезінуге мүмкіндік береді. Осы арқылы Есенғали Раушанов қазақ әдебиетінің көркемдік көкжиегін кеңейтіп, ұлттық дүниетанымның байлығын тереңірек аша түседі.

Ақынның өлеңдерінде құстар бейнесі тек табиғаттың бір бөлшегі емес, адамның ішкі жан дүниесінің, сағынышының, мұңының және үмітінің символы ретінде көрініс табады. Бұл образдар ұлттық дүниетанымның терең тамырларын аша отырып, поэтикалық тұрғыда философиялық ойларды жеткізудің тиімді құралына айналған. Ақынның мына өлең жолдары да осы ерекшеліктерді айқындайды:

«Мен емес ол, бейуақ елегізген,
Кімді күтем, не күтем, неге күзден,
Асыранды қаз байғұс қаңқылдайды,
Құстар өтсе қиулап төбемізден.
Құстар, құстар зулайды қырдан аса,
Мен қайтейін, сөзімді тыңдамаса.
Кесік қанат қаздарды қинай бермей
Жылдам өтіп кетсе екен бұл қараша!» [14]

Мұнда құстар бейнесі арқылы өмірдің өткіншілігі, сағыныштың тереңдігі және уақыттың тоқтаусыз ағымы суреттеледі. Әсіресе, қарашаның салқыны мен құстардың қиулап ұшуы өмірдің өзгермелілігін, адамның болмысына тән мұң мен беймаза күйді жеткізетін құрал ретінде қолданылған.

Жалпы, «Құстар әлемінің» Есенғали шығармашылығынан ерекше орын алатынына — құстар тақырыбындағы лирикалық әуенге толы танымдық мақалалары мен өлеңдері дәлел. Сонымен, Е.Раушановтың жырларында құстардың мифологем ретінде орын алуы көркемдік-эстетикалық мұраттармен бірге адам баласының ғұмыр сырларын, жаратылыстың тылсымға толы құпияларын бейнелеп жеткізудің ақын жанына жақын көркемтанымдық құралы ретінде қызмет етеді.

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың ерекшеліктерін талдау барысында олардың халық дүниетанымындағы алатын орны мен әдебиеттегі көркемдік рөлі анықталады. Әрбір құстың бейнесі белгілі бір мағыналық жүктемеге ие болып, ұлттық болмысты, философиялық ойларды және рухани ізденістерді бейнелеуде қызмет етеді. Құстар образының қолданылуындағы символдық ерекшеліктер мен олардың поэзиядағы поэтикалық интерпретациясы арқылы қазақ халқының табиғатпен байланысы, мәдени құндылықтары және эстетикалық талғамы айқын көрінеді. Төменде орнитологиялық образдардың қазақ поэзиясында қолданылу ерекшеліктері мен олардың мағыналық және символдық сипаттамалары жүйелі түрде ұсынылып отыр (2-кесте).

2 — к е с т е

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың ерекшелігі

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың ерекшеліктері	Түсіндірме	Мысалдар
Мифологиялық негіздер	Құстар ежелгі наным-сенімдерде киелі саналған. Аққу тазалықтың, бүркіт еркіндіктің символы ретінде көрінеді. Бұл бейнелер табиғат пен адамның байланысын айқындайтын архетиптер ретінде сақталған.	Асан қайғының аққуды тазалық пен кие символы ретінде суреттеуі: «Аққу құс — ару төре еді, Құладыңға ілдірдің...»
Символдық мағынасы	Құстар адамның рухани дүниесін, асқақ арманын, еркіндікке ұмтылысын бейнелеу үшін қолданылады.	Махамбет Өтемісұлының ақ сұңқар туралы өлеңдері: «Томағалы сұңқар мен едім»; Мұқағали Мақатаевтың аққуды киелі, қасиетті құс ретінде сипаттауы.

Қоғамдық және тарихи контекст	Кеңес кезеңінде құстар еркіндік символы ретінде бейнеленсе, тәуелсіздік кезеңінде ұлттық рух пен бірегейлікті жаңғырту құралына айналды.	Есенғали Раушановтың «Интервюден соң» өлеңінде бозторғайдың бейнесі арқылы ақын өткіншілік пен өмірдің мәні туралы ой қозғауы; Тұманбай Молдағалиевтің қарлығаш туралы өлеңдеріндегі символика.
Эмоционалдық және философиялық тереңдік	Құстар образы адамның жан күйзелісін, мұңын немесе қуанышын жеткізеді. Метафоралық тұрғыда өмірдің өткіншілігін, үміт пен арманның биіктігін суреттейді.	Тұманбай Молдағалиевтің: «Қарлығаш келмей ауылға, Көктем де қырға шықпайды» өлең жолдары; Есенғали Раушановтың «Қараша» өлеңіндегі қаздың бейнесі арқылы мұңды жеткізуі.
Көркемдік ерекшеліктер	Құстар образы метафора, эпитет, гипербола сияқты көркемдік тәсілдер арқылы байытылып, адамның ішкі жан-дүниесін немесе табиғат сұлулығын бейнелеу үшін қолданылады.	Ақындардың құстардың әрекеттері мен дыбыстарын табиғи ерекшеліктерімен қатар қолдануы: Есенғали Раушановтың «Сыңар құс» образы арқылы жеткізген эмоциялық тереңдігі.

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдардың қолданылу ерекшеліктері олардың тек табиғаттың бір бөлігі ретінде емес, рухани, философиялық және символдық мәнде бейнеленуінде. Бұл бейнелер ұлттық мәдениет пен тарихтың ажырамас бөлігі болып, қазақ ақындарының шығармашылығында ерекше орын алады. Орнитологиялық образдарды терең талдау олардың халықтың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын көрсетудегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар генезисін зерттеу халқымыздың табиғатпен байланысын, рухани дүниетанымын және көркемдік ойлау жүйесін түсінуге бағытталды. Бұл мақалада құстар бейнесінің мифологиялық түп-тамыры, оның ұлттық мәдениет пен көшпелі тұрмыс-тіршіліктегі маңызы жан-жақты қарастырылды. Қазақ ақындарының шығармаларындағы орнитологиялық образдар бірнеше кезеңді қамтитын эволюция аясында жүйелі түрде талданды.

Зерттеу барысында жыраулар поэзиясынан бастау алған құстар бейнесінің рухани тазалықты, әділеттілікті және табиғатпен үйлесімділікті бейнелейтін тотемдік сипаты анықталды. Классикалық кезеңде бұл образдар адамның ішкі сезімдерін, еркіндікке ұмтылысын және рухани ізденістерін жеткізудің символдық құралына айналды. Кеңес дәуірінде құстардың бейнесі әлеуметтік өзгерістерді, адамгершілік пен жаңаруды бейнелейтін әдеби тәсіл ретінде пайдаланылды. Ал тәуелсіздік кезеңінде бұл образдар ұлттық рухты жаңғыртудың, экологиялық мәселелерді көтерудің және табиғатқа деген ерекше көзқарасты жеткізудің айқын құралы болды.

Жұмыстың негізгі жаңалығы — қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар эволюциясының әр кезеңде қалыптасқан ерекшеліктерін жүйелі түрде ұсынуында. Осы арқылы біз құстар бейнесінің тек көркемдік элемент ғана емес, халқымыздың дүниетанымдық және рухани құндылықтарын бейнелейтін маңызды символ екенін анықтадық.

Қазақ поэзиясындағы құстардың символдық және мағыналық ерекшеліктері Мұқағали Мақатаев, Махамбет Өтемісұлы, Тұманбай Молдағалиев және Есенғали Раушанов шығармалары негізінде талданды. Зерттеу нәтижесінде орнитологиялық образдардың эстетикалық, философиялық және мәдени маңызы ашылды. Бұл жұмыс құстар бейнесінің ұлттық әдебиеттегі рөлі мен оның қазақ халқының дүниетанымындағы орнын терең түсінуге мүмкіндік берді.

Қазақ поэзиясындағы орнитологиялық образдар эволюциясын кезеңдерге бөліп қарастыру әдебиетіміздегі бұл бейнелердің рухани және көркемдік қызметін жүйелі түрде түсінуге жол ашады. Бұл зерттеу ұлттық әдебиеттің бай мазмұны мен оның терең философиялық мазмұнын көрсетуге үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Королев К.М. Мифические существа / К.М. Королев. — М.: АСТ-ЛТД., 1997. — 400 с.
- 2 Купер Д.Ф. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона / Д.Ф. Купер. — СПб., 1890—1907.
- 3 Сманов Б.Ө. Қазақ поэзиясының генезисі мен эволюциялық даму жолдары (көне дәуірден хх ғасырға дейін) / Б.Ө. Сманов, Е.Б. Абдимомынов, Ш.Д. Куттыбаев // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология сериясы. — 2020. — № 4(74). — Б. 306–313.

- 4 Сыздық Р. Сөз құдіреті / Р. Сыздық. — Алматы: Атамұра, 2005. — 271 б.
- 5 Сейтимова А.И. Қазақтың құсбегілік лексикасы / А.И. Сейтимова, Е.Е. Түйте, Б.А. Қалиев // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2024. — № 2(114). — Б. 78–87.
- 6 Жиренов С.А. Дүниенің тілдік бейнесіндегі орнитологизмдердің концептілік мәні / С.А. Жиренов, Е. Касенов // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология сериясы. — 2020. — № 3(73). — Б. 52–58.
- 7 Сейтимова А.И. Құсбегілік кәсібіне қатысты атаулардың түркі әлеміндегі көрінісі / А.И. Сейтимова, Е.Е. Түйте, S. Şahin // Tiltanym. — 2024. — № 2(94). — Б. 100–110.
- 8 Жиренов С.А. Қазақ мифологиясындағы орнитонимдердің тілдік бейнесі / С.А. Жиренов // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 1(75). — Б. 48–53.
- 9 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. Генезис, стилистика, поэтика: оқу құр. / С. Негимов. — Алматы: Ғылым, 2001. — 280 б.
- 10 Камарова Н.С. Лебедь как символ красоты и чистоты в казахской поэзии / Н.С. Комарова // Научный журнал «Апробация» — 2013. — № 4(7). — С. 51–55.
- 11 Өтемісұлы М. Ереуіл атқа ер салмай. Өлеңдер / М. Өтемісұлы; құраст. Қ. Сыдықов. — Алматы: Жазушы, 1989. — 142 б.
- 12 Молдағалиев Т. Өлеңдер / Т. Молдағалиев; құраст. Ж. Әскербекқызы // Қазақ поэзиясының інжу-маржандары. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. — 224 б.
- 13 Мақатаев М. Тамаша айым — тамызым. Өлеңдер / М. Мақатаев. — Алматы: Қазақпарат, 2016. — 336 б.
- 14 Раушанов Е. Бозаңға біткен боз жусан. Өлеңдер мен поэмалар / Е. Раушанов. — Алматы: Раритет, 2006. — 384 б.
- 15 Жиренов С. Орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасы / С. Жиренов // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — № 2(110). — Б. 13–22.

Ж.Ж. Жарылғапов, Г.А. Бахбергенова

Генезис орнитологических образов в казахской поэзии

В данной статье рассмотрен генезис орнитологических образов в казахской поэзии. Начиная с мифологических корней образа птиц, детально изучается его связь с кочевым образом жизни казахского народа и национальным мировоззрением. В ходе исследования проанализированы символическо-семантические особенности орнитологических образов в произведениях Мукағали Мақатаева, Махамбета Утемисұлы, Туманбая Молдағалиева и Есенғали Раушанова. Основная цель — раскрыть духовно-философское значение птиц в казахской литературе и определить их роль в национальной культуре. В ходе исследования применены семантический, сравнительно-исторический, литературоведческий и символический методы анализа. В результате определены художественная, философская и культурологическая функции орнитологических образов в казахской поэзии, выявлено их глубокое символическое значение в национальном мировоззрении. Статья способствует системному осмыслению эволюции образа птиц в национальной литературе.

Ключевые слова: казахская поэзия, орнитологические образы, генезис, образ птиц, национальное мировоззрение.

Zh.Zh. Zharylgapov, G.A. Bakhbergenova

The Genesis of Ornithological Images in Kazakh Poetry

This article deals with the genesis of ornithological images in Kazakh poetry. Starting from the mythological roots of the image of birds, its connection with the nomadic lifestyle of the Kazakh people and the national worldview has been thoroughly studied. The study analyzed the symbolic and semantic features of ornithological images in the works of Mukaghal Makataev, Makhambet Utemisuly, Tumanbai Moldagaliyev and Yesengali Raushanov. The main goal is to reveal the spiritual and philosophical significance of birds in Kazakh literature and to define their role in national culture. During the research, semantic, comparative-historical, literary and symbolic analysis methods were used. As a result, the artistic, philosophical and cultural function of ornithological images in Kazakh poetry was determined, and their deep symbolic meaning in the national worldview was revealed. The article contributes to the systematic interpretation of the evolution of the image of birds in national literature.

Keywords: Kazakh poetry, ornithological images, genesis, image of birds, national worldview.

References

- 1 Korolev, K.M. (1997). *Mificheskie sushhestva [Mythical creatures]*. Moscow: AST-LTD [in Russian].
- 2 Kuper, D.F. (1890–1907). *Entsiklopedicheskii slovar Brokgauza i Efrona [Brockhaus and Efron Encyclopedic Dictionary]*. Saint-Petersburg [in Russian].
- 3 Smanov, B.O., Abdimomynov, E.B., & Kuttybaev, Sh.D. (2020). Qazaq poeziiasynyn genezisi men evoliutsiialyq damu zholdary (kone dauirden XX gasyrga deiin) [Genesis and evolutionary development of Kazakh poetry (from ancient times to the 20th century)]. *Abai atyndagy QazUPU-nyn khabarshysy, Filologiya seriasy — Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series Philology*, 4(74), 306–313 [in Kazakh].
- 4 Syzdyq, R. (2005). *Soz qudireti [The power of words]*. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 5 Seitimova, A.I., Tuite, E.E., & Qaliev, B.A. (2024). Qazaqtyn qusbegilik leksikasy [Kazakh falconry lexicon]. *Qaraghandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of the Karaganda University. Series Philology*, 2(114), 78–87 [in Kazakh].
- 6 Zhyrenov, S.A. & Qasenov, E. (2020). Dunienin tildik beinesindegi ornitologizmderdin kontseptilik mani [The conceptual significance of ornithological terms in the linguistic worldview]. *Abai atyndagy QazUPU-nyn khabarshysy, Filologia seriasy — Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series Philology*, 3(73), 52–58 [in Kazakh].
- 7 Seitimova, A.I., Tuite, E.E., & Şahin, S. (2024). Qusbegilik kasibine qatisti ataulardyn turki alemindegi korinisi [The representation of falconry-related terms in the Turkic world]. *Tiltanym — Linguistics*, 2(94), 100–110 [in Kazakh].
- 8 Zhyrenov, S.A. (2021). Qazaq mifologiiasyndagy ornitonimderdin tildik beinesi [The linguistic representation of ornithonyms in Kazakh mythology]. *Abai atyndagy QazUPU-nyn khabarshysy, Filologiya — Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series Philology*, 1(75), 48–53 [in Kazakh].
- 9 Negimov, S. (2001). *Aqyn-zhyraular poeziiasy. Genezis, stilistika, poetika [Poetry of Kazakh bards. Genesis, stylistics, poetics]*. Almaty: Gylm [in Kazakh].
- 10 Kamarova, N.S. (2013). Lebed kak simvol krasoty i chistoty v kazahskoi poezii [The swan as a symbol of beauty and purity in Kazakh poetry]. *Nauchnyi zhurnal «Aprobatsiia» — Scientific journal “Approbation”*, 4(7), 51–55 [in Russian].
- 11 Otemisuly, M. & Sydyqov, Q. (Comp.). (1989). *Ereuil atqa er salmai. Olender [Without saddling a battle horse. Poems]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 12 Moldagaliev, T. & Askerbekqyzy, Zh. (Comp.). (2019). *Olender [Poems]*. Nur-Sultan: Foliant [in Kazakh].
- 13 Maqataev, M. (2016). *Tamasha aiym — tamyzym. Olender [My wonderful August: Poems]*. Almaty: Qazaqparat [in Kazakh].
- 14 Raushanov, E. (2006). *Bozanga bitken boz zhusan. Olender men poemalar [Grey wormwood grown on the steppe. Poems and epics]*. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 15 Zhyrenov, S. (2023). Ornitonimdik paremiialardyn etnomadeni semantikasy [Ethnocultural semantics of ornithonymic paremias]. *Qaraghandy universitetinin khabarshysy. Filologia seriasy — Bulletin of the Karaganda University. Series Philology*, 2(110), 13–22 [in Kazakh].

Information about the authors

Bakhbergenova, Gulbakyt Azbergenovna — Master’s student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: gulbakytbakhbergenova@gmail.com;

Zharylgapov, Zhansaya Zhangazievich — Doctor of Philological Sciences, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: zharyl-gapov_zhan@mail.ru.